

А. Маулет^{1*}, Л.Т. Тлегенова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
²Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: mr.ardabi@mail.ru; tlegenova_lora@mail.ru)

Сарыарқа қазақтарының этнографиялық құндылықтары: халық емшілігі (Ақмола этнографиялық экспедициясы материалдарының негізінде)

Ұсынылып отырған мақалада Сарыарқа қазақтарының бүгінге жеткен этнографиялық құндылықтары жайында мәліметтер берілген. Кешенді этнографиялық зерттеулер барысында жиналған қазақ емшілігіне қатысты материалдар тарихи мәліметтермен салыстыра отырып баяндалған. Ақмола қазақтарының арасындағы халқымыздың этнографиялық құндылықтарының атадан балаға тікелей мұрагерлік жолмен жалғастығын тауып отырғанына назар аударылған. Мақалада берілген қазақтың дәстүрлі емшілігі туралы мәліметтер 2021-2022 жылдардағы мақала авторларының Ақмола өңіріне жүргізген ғылыми-зерттеу экспедициясы барысында жиналған материалдары негізінде жүйеленген.

Кілт сөздер: қазақ емшілігі, Сарыарқа, дәстүр, құндылықтар, этнография, Ақмола, мәдени мұра, ұлт, экспедиция, ұрпақтар сабақтастығы.

Kipicne

Бүгінгі таңда ұлттық рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және жаңғырту мәселесі аса өзекті. Дәстүрлі мәдениет Қазақстандағы қазіргі қоғам мәдениетінің бағыттарының, түрлері мен формаларының терең негізі болып табылады. Ұлттық мәдениетке сәйкес адамның дүниетанымы, тіл жүйесі, наным-сенімдері, білімдері мен дағдылары, әдет-ғұрыптары, еңбек және мерекелік ғұрыптық өмір сүру формалары, фольклор жүйесі т.б. қалыптасады. Дәстүрлілік негізінде адамдардың практикалық іс-әрекетінің бүкіл тәжірибесі жинақталып қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік қарым-қатынастардың нормалары реттеледі. Соның негізінде этникалық тұтастық реттелген сипат алады.

«Материалдық емес мәдени мұра» термині алғаш рет 2003 жылы ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды. Материалдық емес мәдени мұраны сақтау принциптері 2003 жылы ЮНЕСКО қабылдаған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі» Халықаралық конвенцияда анықталды.

Материалдық емес мәдениеттің ұлттық бірегейліктің негізі ретіндегі рөлін түсіне отырып, Қазақстан 2011 жылы 2003 жылғы 17 қазанда қабылданған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Халықаралық конвенцияға қосылды. 2013 жылы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 408 қаулысымен «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту тұжырымдамасы» қабылданды [1]. 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен «Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары» бекітілді.

Материалдық емес мәдени мұра бүгінде халықтың руханиятын сақтаудың басым бағытына айналып, өткені, бүгінгі мен болашағының арасын жалғастырушы болып саналады. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл көне дәстүрлер қазақ халқының рухани құрамдас бөлігінің бүгінгі мен болашағын айқындайды. Ұлттық құндылықтардың басты сақтаушысы — халық. Дегенмен, қазіргі жаһандану үрдісі күн сайын күшейіп келе жатқан заманда, қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының жоғалып кету қаупі байқалуда. Мақаланың мақсаты — Сарыарқа өңірінің қазақтарының арасында материалдық емес мәдени мұралардың (қазақ емшілігі) қазіргі уақыттағы сақталу жағдайын экспедиция материалдарының негізінде қарастыру.

Әдебиеттерге шолу. Қазақстанның орталық аймағы саналатын Сарыарқа даласы рухани мәдени мұраға аса бай. Орталық Қазақстанды мекендеген қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өнері мен тарихы, жалпы этнографиялық құндылықтары туралы П.В. Аравин [2], В.В. Радлов [3] мәліметтер жинады. Сонымен қатар, Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде қазақтың этнографиялық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mr.ardabi@mail.ru

құндылықтарының байырғы үлгілері [4] баяндалады. Академик Ә. Марғұлан қазақтың көшпелі тұрмысындағы этнографиялық ерекшеліктерге назар аударды [5].

А.В. Затаевич 1925 жылы «1000 песен киргизского народа» және 1931 жылы «500 песен и кюев казакского народа» атты Далалық экспедиция негізінде жинаған материалдардан тұратын еңбектерін жариялады [6]. Зерттеуші «500 песен и кюев казакского народа» еңбегінде 1926 жылдың шілде және тамыз айларында алғашқы сапарын Семейден бастап, кейін Қарқаралыға, одан кейін жәрмеңке өткен Қоянды жерінде болып, көптеген әндер жазып алғанын айтады [7; 5-6). Олардың ішінде бақсылыққа байланысты мәліметтер бар.

Сарыарқаның фольклорлық-этнографиялық мұраларын жинау бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Академик А.Қ. Жұбановтың қазақтың музыкалық мұраларын орындаушылық және ғылыми айналымға енгізу тұрғысында сіңірген еңбегі зор [8; 203-233]. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы қызметкерлері Қарағанды, Целиноград облыстарына 1966, 1967, 1972, 1986, 1987 жылдары; Жезқазған, Көкшетау облыстарына 1975, 1982, 1984, 1986, 1987 жылдары музыкалық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, ел арасынан мол материалдар жинады [9].

Бұдан бөлек әр жылдары жекелеген зерттеушілер Сарыарқа өңірінде жинау, зерттеу экспедициясын жүргізіп келді және жиналған мұралар жеке қорларда сақталуда (Қарағанды облысы Шет ауданында өмір сүрген Кәмел Жүністегінің және ғалым Базаралы Мүптекеевтің, күйші-зерттеуші Саян Ақмолда және т.б. ғалымдардың жеке қорлары). Сарыарқаның ән-күй мұрасы туралы Т. Бекқожина [10; 45-46], Б.Ж. Аманов, Ә. Мұхамбетова [11; 92-226], Б. Каракулов [12; 39-42], А. Сейдімбек [13], С. Өтеғалиева [14; 61-72], З. Қоспақов [15], П. Шегебаев, С. Елеманова [16], А. Бердібай [17; 17-22], Ж. Жүзбай [18; 17], Р. Малдыбаева [19; 51-56], Б. Мүптекеев [20; 5-42], Ә. Сабырова [21; 196-205], А. Байбек [22; 44-50], А.Ж. Қазтуғанова [23; 132-296], Р. Стамғазиев [24; 22-354], М. Әбуғазы [25; 144-198] т.б. қазақтың өнертанушы және этнограф ғалымдары зерттеулер жүргізіп келеді.

Зерттеу әдістері

Мақаладағы этнографиялық құндылықтарды ғылыми зерттеуде кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы тарихи-типологиялық және салыстырмалы ғылыми-зерттеу әдістемелері пайдаланылды. Сонымен қатар, далалық этнографиялық экспедиция барысында кең таралған тарихи және зерттеу сипатындағы сұхбат алу әдісінің көмегімен сұхбат берушінің ақпаратын алу және оны тіркеу, құжаттау және архивтеу әдістері қолданылды.

Талқылау және нәтижелері

2021-2022 жылдары мақала авторларының Сарыарқа өңіріндегі, яғни Ақмола облысындағы этнографиялық құндылықтарды кешенді зерттеу жұмыстары негізінде, орындаушылық өнердің салаларына байланысты (*ән-күй, терме-толғаулар, жыр-дастандардан үзінділер*) шығармалар, отбасылық әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын (*жоқтау, сыңсу, жылау, бесікке бөлеу дәстүрі, шілдеhana, бесік жыры т.б.*) тұрмыс-салт әндері, сондай-ақ фольклорлық мұралардың әртүрлі жанрларынан: халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрлары (*жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, мақал-мәтелдер т.б.*); қазақ халқының дәстүрлі ырым-тыйым (*малдың кәрі жілігін босағаға, не қораға іліп қою және малдың сүйегін үйдің іргетасына немесе қабырғасына қосып қалау ырымы, құмалақ салу, жауырыңға қарап сөйлеу, т.б.*) жүйесі туралы; қазақ халық емшілігі (*сынықшылық, шеміршек көтеру, ұры тісті басу, тосап емінің жасалуы, сары аурудың емі, жусаннан жасалатын шайдың емі*) жөнінде; ұлттық қолөнерге (*зергерлік, сәндік қолданбалы бұйымдар жасау, ұршықпен жіп иіру, жүн түту, қайыстан өрім өру, ағаш шебері*) байланысты, көне наным-сенімге қатысты дәстүрлер (*бата беру, құмалақ салу*); ұлттық ойындар (*бес тас, тоғызқұмалақ, киім алғыш т.б.*), ұлттық ас-тағам түрлері және жасалу жолдары (*қорықтық, қарынға сары май сақтау, аққайыңның қабығынан сағыз-шәйір жасау*), ел мен жердің тарихына қатысты халық аузындағы аңыз-әңгімелер, ертегі сияқты жанрлардан мол материалдар жиналды. Мақалада осы құндылықтардың ішіндегі қазақ емшілігі туралы материалдарға тоқталамыз.

Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі — атадан-балаға (қазақтың ұғымында, халықтық медицина негізінен қасиет арқылы дариды деген де ұғым бар. Әдетте халық емшілігін жай үйренуден немесе машықтанудан емес, бабадан қан/гендік қасиет арқылы қонады, дариды деп ұғынады) беріліп келе жатқан, адам немесе төрт-түлік малға қатысты ауруларды анықтауға және оның алдын алуға

көмектесетін іс-әрекеттердің көрінісі. Халық емшілігі туралы зерттеуші ғалым Е. Әбілқасымов: «Халық медицинасы дегеніміз — өсімдіктер мен жануарлардан алынатын шипалы өнімдер мен минерал заттардың емдік қасиеттері алуан түрлі аурулардың белгілері мен сол аурулардың емдеу тәсілдері және олардан сақтану жолдары туралы тарихи даму барысында халық жадында қалыптасқан эмпириялық (тәжірибелік) білімдердің біртұтас жүйесі», — деген түсінік береді [26; 3]. Қазақ емшілігі әлі де ғылыми зерттеуді, ізденуді қажет ететін үлкен білім болып табылады.

Ақмола облысының рухани мұрасын жинау-зерттеу жұмыстары кезінде қазақтың дәстүрлі емшілігінің ел арасындағы үлгілерін, оның қыр-сыры туралы мәліметтерді сақтаушылар кездесті. Мысалы, ел арасында «Тосап» деген емдік дәрінің қалай жасалатыны туралы Ақмола облысы Жарқайың ауданы Отрадное ауылының тұрғыны Беріктас Баймолдаұлы Баймолдинов құнды ақпарат берді. Оның айтуы бойынша бұл емді жасау үшін соғымға сойылған жылқының тізесінен төмен қарай жеуге жарамсыз деп кесіп алып тастайтын 41 жіліншікті жинап, одан кейін ауылдың ақсақалдары жиналып оған дұға оқиды. Содан оның терісін, тұяғын, сіңірін алып тастап, тек жіліншікті балтамен ұсатып шауып, қазанға салып қайнатады. Сонда 41 жіліншілік 4 қазан болады. Сонымен бұл жіліншіктерді тоқтатпай жарты күн қайнатады. Жарты күн қайнаған сүйек, майы шығып ақсөңке (*күнқақты болып әбден құраған, аппақ қу сүйекті айтады*) болып ағарып қалады. Шыққан майдың емдік қасиеті жоғары. Майдың бір қасығын алып, жарты литр суға қосып, қоймалжың бола бастаған кезде ішеді. Бұл суық өткен өкпеге, не басқада аурулардың ғажайып емі деген түсінік бар. 95 жасқа келген қария Б. Баймолдинов: «Мен осы ауылда жастау кезімде қасымда 11 жолдасыммен қарлы боранда трактормен далада қалып, суық өтіп қабынып, өкпе ауруына шалдыққанмын. Сол кездегі ауылымыздың үлкен кісілері осы тосап емін ішкізіп, содан міне, құдайға шүкір, әлі аман жүрмін. Ал сол кезде менімен далада қалып суық тиген адамдардың дерлік барлығы сол өкпе қабынуынан қайтыс болды», – дейді [27; 125]. Жазылып алынған «тосап» емі туралы деректі халық емшілігі туралы бұдан бұрынғы зерттеулерде кезіктірмедік.

Бірақ, осыған ұқсас ақпарат Ш. Уәлихановтың еңбегінде бар. Онда ғалым «ем» деген сөзге науқасты емдеу, аурудан сауықтырудың іс-қимылы деген түсінік береді. Қазақтар ревматизмді «сарп-аруак» дейді. Бұл ауру сақтанып жүрмегендіктен болады. Ревматизмнен сақтану үшін ауырған жерге іштен аттың тұяғын тағып жүру керек, оны қырғыздарға байлатса ем қонатындығы туралы сенімнің болғандығын баяндайды [4; 100]. Ғалымның зерттеуінде айтып отырған «сарп-аруак» ауруы көбінде қатты суық өткеннен болатынын ескерсек, одан сақтанудың ең басты жолы ретінде жылқының тұяғын тағып жүруі керек деуінде, жылқы жануарының қара тұяғының ішіндегі көбе майында немесе өкше майында бір емдік қасиеттің бар екенін аңғару қиын емес. Ондай емдеу әдісіне ерте кезде ел арасында шамандық наным-сенім түсінігімен қарап, аттың тұяғын жай байлап жүрсе ем болады деген болуы мүмкін. Ал біздің зерттеуімізде жазылып алынған «тосап» емін жасауда жиналған жылқы жіліншігіне алдымен дұға оқылып, одан соң ем дайындалуының себебі де, сол ескіден келе жатқан наным-сенімнің әсері екені анық.

Б. Баймолдиновтың қазақы ем туралы берген екінші мәліметі: «Бала күнімізде шай деген өте тапшы болатын. Ең алғаш тапа шай деген болған. Оны балтамен шауып эзер ұсатып ішетін. Кейін кірпіш шай шықты. Одан кейін барып қағаз шай деген пайда болды. Осы шайлар жоқ заманда далада «шайпи жусан» деген өсетін. Биіктігі бір қарыс қана, наурыздан кейін қар кете домалақ сары гүл ашады. Сол сары гүлін балаларға тергізетін. Оны өзімде бала күнімде талай тердім. Әйелдер оны буып-буып бесікке іліп қояды да, уқалап-уқалап шәй қылып ішетін. Бұл шай керемет ем болатын. Ауырған адамға сол шайды қайнатып ішкізіп терлетеді, сонда қай жерің ауырса сол жеріңе ем болатын».

Қазақ даласындағы жусан шөбінің емдік қасиеті туралы ел арасында және медицинада да жиі айтылады. Тіпті емдік жусанның өте көп түрі бар екені, олардың сан түрлі ауруға ем болатынын қазіргі медицина ғылымы да дәлелдеп келеді. Б. Баймолдиновтан жазылып алынған емдік қасиеті аса жоғары жусанның осы түрі қазақ медицинасы саласындағы зерттеулерде айтылған жусанның түріне сәйкес келетін сияқты. Мысалы, қазақтың дәстүрлі медицинасын зерттеген ғалым Ө. Әбдіраманның, 1920 жылдары Оңтүстік және Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерін аралап, қазақ даласында өсетін дәрілік өсімдіктерді алғаш рет зерттеген ғалым П.С. Массажетовтің «Өсімдік әлеміне саяхат» атты қолжазбалары негізінде жарық көрген еңбегіне сілтеме жасаған ғылыми еңбегінде: «Даре мона» — Дермене әсемдік пен сұлулықтың үлгісі, түрі мен түсі ықшам әрі қарапайым. Көп жусандардың ішінде дермене жусан — әртүрлі боз оттардың ішіндегі асыл тұқымдысы. Дермене сабағы кипаристің формасына ұқсас. Бұтақшалары дөңестеу қабыршақты, қабығы жапырылған жұмыртқа тәрізді ұсақ

болып келетін, ұсақ, моншақтай, гүл қауыздарына толы. Артық еш нәрсе жоқ. Жусандарда әдетте бола беретін түктер-түктену атымен жоқ. Міне «дермене дөнегі» дегеніміз қандай [28; 35], – деп ғалымның қазақ даласындағы жусанның емдік қасиетіне байланысты, киелі шөпті қалай суреттегені жазылған. П.С. Масагетов айтқан емдік жусанның түрі Б. Баймолдиновтың айтқан дәрілік жусанға жақындау түрі болуы мүмкін. Көптеген өсімдік түрлерінің көктемде қар кетіп күн әбден жылынғанда ғана көктеп, жандана түсетіні анық, ал бізге мәлімет берушінің айтуындағы жусанның түрі, наурыз айында қардың кетер-кетпес уақытында гүл ашуының өзі де, оның емдік қасиетін әйгілей түссе керек.

Ақмола облысының Целиноград ауданы Жалғыз құдық ауылының тұрғыны Орал Батыққызы «ит тиген» деп аталатын аурудың емі туралы ақпарат берді. Ол «ит тиген» ауруын былай түсіндірді: «Бұл белгілі бір үйдің адамының түсіне ит кіреді. Сол түсіне ит кірген адамның үйінде кішкене балалары болса, сол балалар ұйықтап жатқанда түсіне ит кіріп, шыңғырып жылап оянады. Сосын ол ауруға шалдыққан баланың бір белгісі, бала тілін жалақтатып, ернін жалай береді. Ондай ауруға шалдыққан баланың еңбегі қатпайды, жұмсақ күйінде тұрып алады. Бала арықтап, өсуі баяулай береді. Мұны қазақ «ит тиген» дейді. Ал медицинада оны «рахит» (орысша) ауруы деп айтады. Бұл ауру көбінде үш жасқа толмаған балаларға жиі тиеді. Маған көбінесе емшектегі балаларын ауырды деп алып келетіндер көп. Сосын мен олардан сұраймын, түсінде ит көрдің бе? - деп. Жоқ десе, жақын туыстарыңнан сұрашы түстерінде ит көріп пе? деймін, соңында жақындарының бірінің түсіне ит кіргені белгілі болады. Сонда түске кірген ит жаңағы адамнан немесе ауырған баладан алысырақ торуылдап, жақындамай жүрсе, онда баланың ауруы да емдеуге жеңіл болады. Ал түске кірген ит жақын келіп баланы қапса, онда бала кемтар болып қалуы да мүмкін. Осы ауруды қасқырдың өтімен емдеймін. Яғни, қасқырдың өтін кептіріп қойып, ем-шара кезінде өтке кішкене су тигізіп жібітіп, баланың маңдайына, екі алақанына, төсіне, екі қолтығына, кіндігіне, екі шабына және екі табанына Құран сүрелерін оқып отырып жағамын. Сосын бала сол емнен кейін жақсы болып сауығып кетеді. Осы уақытқа дейін санасам, 5-6 мың адам емдеппін».

Ел арасында «ит тиген» ауруына шалдыққан баланы өлген иттің қубасын қайнатып, соның суына шомылдыру немесе ит өлген жерге аунатып алу сияқты наным-сенімдерге байланысты емдомдар жасалады. Біздің жазып алған материалымызда «ит тиген» ауруына шалдыққан баланы қасқырдың өтімен емдейтіні айтылады. Ш. Уәлихановтың еңбектерінде: «Қазіргі қазақтар мұсылмандық — кіріптар дұғаларды қолданады. Оларды «тұмар» дейді. Ертерек кездерде тұмар: мал, құс сүйектерінен немесе тастардан жасалды. Қасқырдың тілерсегі белдің шойырылуынан, сарп (ревматизм) ауруынан және «көзден» сақтайды деген нанымда қолданылады», – деп жазады [4; 110].

Жалпы қазақ халқының дүниетанымында қасқыр киелі жануар саналады. Сондықтан қазақ өзін «Көкбөрінің тұқымы», рухы биік жұртпыз деп біледі. Қазақтың көшпелі тұрмысында төрт-түлік малдың, яғни қойдың не сиырдың белгілі себептермен желіні ауырып, шамданып ісінсе, 3-5 не 7 күн желінін қасқырдың азу тісімен тырнайды. Содан жаңағы малдың желіні тез жазылып кетіп жататын жәйіттерді экспедиция кезінде де ауыл адамдарынан жиі естідік. Бірақ қазіргі уақытта аталған наным-сенімдер, ескіден келе жатқан емдеу жолдары аса көп қолданыста емес. Дегенмен, бұл құндылықтар қазіргідей медицина ғылымы өркен жаймай тұрған ескі замандардан бері бірге жасасып, халықтың көп кәдесіне жараған, дертіне шипа болған. Мұны қазақ халқының дәстүрлі емдеу жолы, бабалар аманаты деуге болады.

Ақмола облысындағы этнографиялық экспедиция барысында қазақтың дәстүрлі емшілігін ұстанып келе жатқан бірнеше адамды кездестірдік. Мысалы, Ақмола облысы Атбасар ауданының Борисовка ауылында тұратын қарт емші Ырымхан Мұхамеджанұлы обыр (рак) ауруынан басқа аурудың барлық түрін ұшықтау, дем салу тәсілдерімен емдейді. Емшінің айтуынша әкесі Қали молда және Қалидың баласы Қапас деген адамдар ел арасында даңқы шыққан үлкен емшілер болған. Ырымханға емшілік қасиет солардан дарыған. Ол келген ауруларды Құран дұғасын оқи отырып, тамырын ұстайды. Тамырының соғысына қарай ауру белгілерін айырып, ұшықтау немесе қағазға дұға жазып дем салу арқылы емдейді. Кейбір аурулардың қажетіне қарай қазіргі медицинаға баруға кеңес береді. Емші қазіргі адамдарда болатын көптеген аурулардың келу себебі саналатын — арақ пен темекіге әуес адамдарды дұғамен емдейтінін және өзіне келіп бір-ақ рет емделген адамдардың екінші қайтып ішімдік пен темекіге әуесі болмайтынын айтады. Емшінің арақ пен темекіге әуес адамды тамыр соғысынан бұлжытпай анықтайтынын білдік. Ол ауруларды оң қолының саусақтарымен ұстап, сипап емдейтінін айтып, «менің адамдарға салатын инем (укол), емім осы», – деп оң қолының саусақтарын көрсетті.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше орын алған қазақ емшілігі туралы Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көрсетілген: аурулар шамандардың пікірінше, дене қимылы салдарынан емес, тәңірінің құдіретінен, жын-ыбылыстардан, дұға оқып таза жүрмегендіктен — киелі ауруларға шалдығады. Ондай киелі ауруларды: әдет-ғұрыпты, ырым-жораны және ем жасауды жақсы білетін жоталы-аруақты адамдар ғана емдейтін болған. Қазақтарда барлық аурулар ауыр науқас, жеңіл науқас болып екі категорияға жіктеледі. Ұшық, ұшынбақ жеңіл-желпі аурулар санатына жататындар: адамның жүрегі айнады, басы ауырады, денесі ысиды. Ұшық қазақтардың пікірінше тамақтан болады, яғни тамақтан ұшынады. Қазақтардың тамақты далада ішпеуі, түнге қарай тамақтың бетін жауып қоюына қарағанда, олар өздерінің ескіден келе жатқан нанымынша, түнде жүрген ыбылыстар тамақты арамдап кетеді деп қорқады. Ұшықты ырыммен емдейді, ол емдерді ұшықтамақ дейді. Ұшықты ұшықтау ырымымен емдейді [4; 100].

Емші Ы. Мұхамеджанұлы жеңіл ауруларды көбінде ұшықтау арқылы емдейтіні байқалады. Ұшықтап емдеу әдісі, суық не ыстық суды кеудеге бүрку арқылы, дұға айтылып отырып, тітіркендіру арқылы емдейді. Ш. Уәлихановтың «Ұшық» туралы жазуында, қазақтардың түсінігінде ұшық тамақтан болатынын, соған байланысты тамақтың бетін жауып жүруі, ыбылыстың тамақты былғап кетуінен ауру пайда болады деген көне-наным сенімге байланысты түсініктен туған деп айтады. Ал осы қағида қазіргі ислам дінінің де шартында барын күнделікті тұрмыста көреміз. Ислам діні бойынша да, тамақтың бетін жауып жүрмесе, ондай тамақ харам болады деген түсінік бар. Осыдан көне наным-сенімге байланысты қалыптасқан көп жол-жоралардың, кейінгі ислам дінімен араласып кеткенін аңғаруға болады.

Жалпы қазақтың дәстүрлі емшілігін ұстанушы емшілер, өздерінің емшілік жолдарын жай кәсіп мақсатында емес, ата-бабаларынан өздеріне қонған үлкен жауапкершілік ретінде сезінетіні байқалады. Қазақ емшілігін дәріптеушілер, қазіргі таңдағы медицинадағы сияқты қалыптасқан ақы төлеу т.б. бұлжымайтын заңдылықтарды ұстанбайды. Себебі, бұл емшілік қасиет ең әуелі Құдайдан, сосын ата-бабадан қалған аманат, оны материалдық дүниемен өлшеуге, табыс көзіне айналдыруға болмайды. Ауру, мұқтаж жандарға қол үшін беру міндетіміз деген адамгершілік қағидаларын ұстанады. Егер ауруын емдеткен кісілер тек өздерінің ризалығымен ғана, ақша не басқа заттық дүниемен емшіге «қол ақыңыз» деп рахмет айтса, оны кейде алады, кейде алмайтын да жағдайлар болады. Мысалы, Ы. Мұхамеджанұлына тамыр ұстатып, өзімізде қандай ауру белгілері бар екенін сұрадық. Ол тамырымызды ұстап әрқайсымыздың денсаулығымыз туралы ақпараттарды дәл айтып берді. Біз осы еңбегінің қолақысының қанша болатынын сұрадық. Сонда емші: «Берсеңіздер де, бермесеңіздер де өз еріктеріңіз. Бізде арнайы белгілеген төлем ақы жоқ. Бізге Құдайдан аян келіп, осы қасиет берілді. Біз тек мұқтаж адамдарға қолымыздан келген көмекті береміз. Ешқандай ақы талап етпейміз», – деді. Біз кезіктірген қазақ емшілері, өздеріне Жаратушыдан берілген қасиетті табыс табудың көзіне айналдыру Жаратушының алдындағы сертті бұзу, жаман ырым деп білетінін аңғаруға болады. Құдайдан аян берілудің халық ұғымында жақсылыққа баланатыны туралы Ш. Уәлихановтың еңбектерінде «Ырым — халықпен бірге көптен жасап келе жатқан әдет-ғұрып болып саналады. Ал аян, лепес, жақсылық нышаны ретінде де саналады» [4; 109], – деп жоғарыдан берілген аянның, жақсылық нышаны, Құдайдан адамға берілген кісілік, ізгілікті бұлжымас жол еткен қағида санайтынын көруге болады.

Ақмола облысына жүргізген этнографиялық экспедиция кезінде Ақмола облысы Зеренді ауданының Қызылсая ауылында тұратын жергілікті қазақтар арасында ежелден ақ қайың ағашының қабығынан «сағыз қайнату» дәстүрі сақталғандығын байқадық. Осы ауылдың тұрғыны Қарлығаш Ержанова бала күнінде әжесінен көрген «сағыз қайнату» әдісі туралы айтып берді. Оның айтуынша: ақ қайыңның қабығынан «сағыз қайнату» мезгілі мамыр айының соңы мен маусым айының ортасына дейінгі аралықта ғана болады. Одан ары уақыт өтіп кетсе, қайыңның сөлі бітіп, қабығы қатып кетеді. Осы уақыт аралығында сағыз қайнату үшін ақ қайыңның қабығы (2 дағар) жиналады. Қайыңның ақ қабығын аршыса, ішінде сары қабық болады. Сағызды осы сары қабықтан қайнатады. Біркелкі сары қабықты тазалап, ұсақтап (шырпылап), ауызы тар (*сағызды араластыруға «былгауға», жуандығы көсеудей ағаш сиятын*) сырлы ыдысқа салып, ішіне ештеңе құймай астына от жағып, тек сары қабықтың өзін аздан салып, ағашпен ақырын былғап отырады. Оттың қызуына шыдамай кейде қабық жана бастайды. Бөлек ыдыста арнайы таза суық су дайындап қойылуы тиіс, қабықты от шалғанда былғап отырған ағашты жаңағы суға малып, қайта былғайды, сонда жанып жатқан қабық сөнеді де, еріп, былғап отырған ағаштың ұшына ақырындап сағыз болып орала бастайды. 2 дағар қабық толық қайнатылғанда, жұдырықтың көлеміндегідей сағыз болады. Сағыздың ыстығы (*жұмсақтығы*

иленген қамыр сияқты) басылмай тұрған кезінде, қойдың тоң майын (шыжғырылған) қосады. Сосын сағыз бірігіп, қатып, ары қарай пышақпен кесіп шайнауға болады. Сағыз қайнатудың көнеден келе жатқан әдіс-тәсілдерін білетін Қарлығаш Қазалиқызының айтуынша, бұл сағыздың адамның ауыз қуысына, тістің құрт жеп бүлінуіне, асқазанға, бауыр-бүйрекке емдік қасиеті өте жоғары. Сосын бір қызығы ақ қайыңның қабығынан «сағыз қайнатудың» өзіндік ырым-тыйымдары (*ауыл адамдары сағыз қайнатудың серті деп те айтады*) бар. Сағыз қайнатқанда маңайында мал, не адам жүрсе немесе қарап тұрса қайыңның қабығы күйіп, сағыз болып бірікпей, іріп кете береді. Сондықтан оны жасаушы мен ең сенімді көмекші адам ғана, таңсәриде немесе ел ұйқыға жатқанда барып жасайды. Сонда ол өз бабында сағыз болып жасалады. Оның ең мән беретіні басты жасалу серті (шарты) осындай, оған мал не адам кедергі келтірмеуі керек.

Ақ қайыңның қабығынан «сағыз қайнату» дәстүрі — Сарыарқа өңірінде ғана бар салт екені анық. Бұлай дейтініміз, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан жерін мекендеген қазақтарда жердің, климаттың жағдайына байланысты жаратылған өсімдіктер мен қарағайлардан алынып пайдаланылатын сағыздың түрлері болады. Мысалы, қарағай, шырша-самырсын көп өсетін Шығыс Қазақстан мен Жетісу жеріндегі тау жайлаған қазақтар қарағайдан ағып тұратын жабысқақ сұйықтықты алып, тазалап шайнап «қарағай сағыз» (шәйір) жасайды. Ал Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда жеріндегі қазақтарда құмда өсетін сүттіген деген шөптің тамырынан қоңыр, жұмсақ түйіршік затты алып тазалап, «құм сағыз» жасайды. Ал ақ қайыңның қабығынан сағыз жасау, бұл Арқа қазақтарына, нақтырақ айтсақ, біздің зерттеу нысанымыз болған ақ қайыңы көп өсетін, Ақмола жеріндегі қазақтарға тән салт деуге болады.

Жалпы қазақ тарихында ақ қайың ағашының ішерге ас таба алмай, жаппай аштыққа ұшыраған халқымызға қорек, азық болғаны туралы тарихи деректерде айтылады. Мысалы, қазақта «Қайың сауған» деген ертеден келе жатқан тарихи күй бар. Зерттеушілердің жазуынша бұл күй қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталатын жоңғар шапқыншылығымен байланысты елдің басына түскен қиын заманның ескерткіші ретінде жеткен ұлы туынды, Байжігіттің (шамамен 1705 жылы туған) күйі [30; 66-68]. Ол күй жоңғар шапқыншылығы кезінде жұтқа ұшыраған елдің, бұр жарған қайыңның бүйірін тіліп, шырынын ішкен қазақтың сол кездегі аса ауыр тағдырын бейнелейді. Жазушы-тарихшы М. Мағауин: «...күй бүкіл халықтық трагедияны сипаттайтын симфония тәрізді. Азынаған зармен басталған домбыра үні бірте-бірте сазға ауыса бере тыншиды. Күй әуенінде қайғыдан гөрі мұң басым, түңіліс жоқ, үміт бар».

Ел аузында «Қайың сауған» жұты туралы:

«Қара нар қанын сығып алушы едік,

Қайыңды көктей тіліп сауушы едік» [31], – деп келетін сол замандағы қазақтың ауыр тағдырын суреттейтін зарлы туындылар бар.

Қазіргі кезде қайың ағашы көп өсетін Арқа жерін мекен еткен елде, оның ішінде Ақмола жеріндегі қазақтарда әлі күнге дейін көктемде бүрлеген қайың ағашының шырынын сусын ретінде ішеді. Бұл сонау «Ақтабан шұбырынды» заманының «Қайың сауған» аталып ел есінде қалған оқиғадан бұрын ел өмірінде жалғасып келе жатқан үрдіс екені анық. Ал, зерттеуімізде кездескен ақ қайыңның қабығынан «сағыз қайнату» дәстүрі де қазақтың «Қайың сауған» заманынан арғы уақыттардан бері атадан-балаға жалғасып келе жатқан салт екені анық. Қазіргі таңда елдің арасында бұл «сағыз қайнату» салты әдеттегі назар аударуға тұрмайтын, өткеннің ескерусіз дүниесі сияқты, күннен-күнге ұмыт бола бастағаны байқалады. Себебі, «сағыз қайнату» салтын қазіргі уақытта Ақмола өңіріндегі аздаған қариялардың ғана ұстанып отырғанын анықтадық. Ал, шындығында ерте заманнан бері қайың ағашынан алынып, халқымызға құнарлы ас, шипалы ем болып келген осы бір нәрлі дүние, қазіргі жаңа технология заманында нағыз ұлттық өнім ретінде бағаланатын құндылықтар болуға тиіс. Дегенмен, экспедиция барысында кейінгі ұрпақ өкілдерінің аталған құндылықтарды сақтау, жалғастыруда немқұрайлы қарайтындығы байқалады. Тіпті, ата-баба тәжірибесінің белгісі ретінде қалған осы салттың аты да ұмытыла бастаған.

Қорытынды

Сарыарқа қазақтарының этнографиялық құндылықтарын кешенді зерттеу нәтижесінде жинақталған тың материалдар негізінде дайындалған мақаланы қорытындылай келе мынадай тұжырымдарға тоқталамыз. Арқа қазақтарында сақталған қазақ емшілігіне байланысты этнографиялық құндылықтардың байырғы үлгілерін, тек жасы егде тартқан адамдардың әлі де сақтап отырғаны байқалады. Ал, аталған құндылықтарды сақтау, насихаттауда жастардың белсенділігінің

төмен екендігі көрінеді. Рухани мұраның атадан-балаға жалғасуының ең басты шарттары — біріншіден, мемлекеттік тілге байланысты. Екіншіден, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты құндылықтары халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің бір бөлшегі ретінде толық айналымда болғанда ғана жас ұрпаққа берілетіні сөзсіз.

Тәуелсіздік алған жылдары елімізге шет елден оралған қандастардың басым бөлігінің осы Сарыарқа жеріне қоныс тепкені белгілі. Сол келген көшпен қазақтың салт-дәстүрі, материалдық және материалдық емес мәдени мұра түрлері жаңғырды. Экспедиция барысында да ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаушылардың негізгі бөлігі қандастар екендігін анықтады. Бірақ, тағы бір назар аударған мәселе — қандастармен келген ұлттық салт-дәстүрге, тіл мен өнерге қатысты рухани құндылықтардың бірқатарының бұл күнде ұмыт бола бастағаны айқын байқалады. Оның басты себебі, біздің өмір сүру дағдымыздың жаңаша бағытқа бет бұрып, ата-бабадан қалған салт-дәстүрлердің күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі қажеттілігінің төмендігі. Сол қандастармен келген рухани құндылықтардың мәдени-рухани өмірімізде өзектілігін жоғалтуы. Сонымен қатар, қандастардың алғаш елге оралғанда, өздерімен келген немесе елде туған бүгінгі ұрпақтарының ұстанымдары мен өмір салттары қазіргі жаңа заманның талабына бет бұрып, урбанизациялық үдеріске араласып кетті.

Рухани мұраны жадында сақтаған үлкендердің қатары күннен-күнге сиреуде. Одан басқа, күнделікті тіршілік дағдысында қолданыста болмағасын рухани құндылықтар ұмытыла бастаған. Ұлттық құндылықтарды сақтаудағы бұл мәселелер, тек бір ғана Арқа қазақтарындағы жағдайдың көрінісі емес, жалпы Қазақстанның барлық өңіріне тән құбылыс. Сондықтан, Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын жинау, сақтау, насихаттаудың маңыздылығы мемлекеттің мәдени басқару мекемелерінің басты назарында болуы аса қажет.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы. — [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408>
- 2 Аравин П.В. Қазақстанның музыка мәдениеті. Мақалалар мен материалдардың жиынтығы / П.В. Аравин, Б.Г. Ермакович. — Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. — 180 б.
- 3 Радлов В.В. Алтын сандық / В.В. Радлов. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 256 б.
- 4 Уәлиханов Ш. Тәңірі. Таңдамалы / Ш. Уәлиханов. — Алматы: Полиграфкомбинат, 2013. — 392 б.
- 5 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Ә.Х. Марғұлан. — Алматы: Алатау баспасы, 2007. — 432 б.
- 6 Затаевич А.В. 1000 песен киргизского народа / А.В. Затаевич. — Оренбург: Киргиз. гос. изд-во, 1925. — 464 с.
- 7 Затаевич А.В. 500 песен и кюев казахского народа / А.В. Затаевич. — Алма-Ата: Наркомпрос КазАССР, 1931. — 350 с.
- 8 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары / А. Жұбанов. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. — 442 б.
- 9 Бекмұханбет Б.Д. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы / Б.Д. Бекмұханбет, М.Ш. Мылтықбаева, Ә.С. Сабырова, А.Р. Пазылова, А.А. Дәрібаева, К.И. Қайрулла — Алматы: Құрманғазы ат. ҚҰК, 2019. — 240 б.
- 10 Беккожина Т. Қазына / Т. Беккожина. — Алматы: Жалын баспасы, 1979. — 112 б.
- 11 Аманов Б.Ж. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр / Б.Ж. Аманов, Ә.И. Мұхамбетова. — Астана: Мастер По, 2013. — 332 б.
- 12 Каракулов Б.И. Форма и ладовость в казахских обрядовых песнях / Б.И. Каракулов // Изв. АН КазССР. Сер. филол. — 1979. — № 3. — С. 39–42.
- 13 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері / А. Сейдімбек. — Астана: Күлтегін, 2002. — 832 б.
- 14 Утегалиева С. О музыкальной стилистике домбровых кюев-шертпе / С. Утегалиева // Вопросы музыкальной культуры и образования: сб. ст., посвящ. 20-летию Независимости Казахстана. — Вып. 2. — Алматы, 2011.

- 15 Ерзакович Б.Г. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы / Б.Г. Ерзакович, З.Қ. Қоспақов. — Алматы: Ғылым, 1986. — 112 б.
- 16 Шегебаев П. Қазақ музыка әдебиеті / П.Шегебаев, С. Елеманова. — Астана: ҚазҰОУ, 2011. — 104 б.
- 17 Бердибай А. Система вставных элементов в казахской структуре казахских традиционных песен / А. Бердибай // Поиск. — 2014. — № 2. — С. 17–22.
- 18 Жүзбай Ж. Мұнды қыз. Халық композиторы Аққыз Ахметқызының күй мұрасы / Ж. Жүзбай. — Қарағанды: Болашақ баспа, 2017. — 235 б.
- 19 Малдыбаева Р.С. Творческая личность кюйши в музыкальной культуре XX века: дис. ... канд. искусств: 17.00.02 — «Музыкальное искусство» / Р.С. Малдыбаева // ИЛИ им. М.О. Ауэзова. — Алматы, 2005. — 135 с.
- 20 Мүптекеев Б. Қазіргі қазақ музыкасы / Б. Мүптекеев // Музыкалық-этнографиялық экспедиция материалдар жинағы. — Астана: 2012. — 60 б.
- 21 Сабирова А. Традиционная казахская песня в аспекте древнемифологических верований / А. Сабирова // Абай и Шығарым: философия музыки и песенный стиль. Вопросы изучения казахской традиционной песни. — Алматы, 2014. — С. 196–205.
- 22 Байбек А. Домбра как фактор ладообразования устно-профессиональных песен Арки (практический аспект) / А. Байбек // Материалы Междунар. конф. «Проблемы современного музыковедения и этноорганологии», посвящ. 90-летию Болата Сарыбаева. — Астана, 2017. — С. 44–50.
- 23 Ұлы даланың көне сарындары: Антология. Үш томдық. Музыкалық фольклор. Дәстүрлі ән өнері // Жауапты редактор А.Ж. Қазтуғанова. — Алматы: Brant Book, 2019. — 752 б.
- 24 Стамғазиев Р. Назқоңыр / Р. Стамғазиев, М. Әбуғазы. — Алматы, 2016. — 424 б.
- 25 Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері / М. Әбуғазы. — Алматы: Нұрсәт баспасы, 2016. — 485 б.
- 26 Әбілкасымов Е. Қазақстанның халық емшілері. Анықтама / Е. Әбілкасымов. — Алматы: Атамұра, 1993.
- 27 Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том = Нематериальное культурное наследие Акмолинской области: комплексные экспедиционные исследования. I том = Intangible cultural heritage of Akmola region: comprehensive expeditionary research. Vol. I. / А. Маулет. — Астана, 2022. — 600 б. (қазақ, орыс, ағылшын тілінде).
- 28 Әбдіраман Ө. Қазақтың қара емдері / Ө. Әбдіраман. — Алматы: 1999. — 152 б.
- 29 Тойшанұлы А. Шетел қазақ фольклоры: монография / А. Тойшанұлы. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 452 б.
- 30 Әбуғазы М. Шығыстың шыңырау күйлері / М. Әбуғазы. — Өскемен, 2009. — 303 б.
- 31 Мағауин М. Күй иесі Байжігіт / М. Мағауин // «Жұлдыз» журналы. — 1976. — № 9. — Б.180-185.

А. Маулет, Л.Т. Тлегенова

Этнографические ценности казахов Сарыарки: народная медицина (по материалам Акмолинской этнографической экспедиции)

Сегодня очень актуальна проблема сохранения национальных духовных и культурных ценностей. В статье представлены материалы о народной медицине казахов Сарыарки (по материалам Акмолинской этнографической экспедиции), дошедших до наших дней. Сведения, собранные в ходе комплексных этнографических исследований, представлены в сопоставлении с историческими данными. Обращено внимание на то, что у казахов Акмолинской области эти этнографические ценности напрямую передавались по наследству. Информация о казахской традиционной медицине систематизирована на основе материалов, собранных в ходе исследовательской экспедиции, проведенной авторами статьи, в Акмолинскую область в 2021–2022 годах.

Ключевые слова: казахское целительство, Сарыарка, традиции, ценности, этнография, Ақмола, культурное наследие, нация, экспедиция, преемственность поколений.

A. Maulet, L.T. Tlegenova

Ethnographic values of the Kazakhs of Saryarka: traditional medicine (based on materials from the Akmola ethnographic expedition)

Today the problem of preserving national spiritual and cultural values is very relevant. This article presents materials about the folk medicine of the Kazakhs of Saryarka (based on materials from the Akmola ethnographic expedition), which have survived to this day. Information collected through comprehensive ethnographic research is presented in comparison with historical data. Attention is drawn to the fact that among the Kazakhs of the Akmola region these ethnographic values were directly inherited. Information about Kazakh

traditional medicine is systematized on the basis of materials collected during a research expedition conducted by the authors of the article to the Akmola region in 2021-2022.

Keywords: Kazakh healing, Saryarka, traditions, values, ethnography, Akmola, cultural heritage, nation, expedition, continuity of generations.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasynda materialdyq emes madeni murany qorgau zhane damytu zhonindegi tuzhyrymdama turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylgy 29 sauirdegi N 408 qaulysy [Resolution No. 408 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 29, 2013 on the concept of protection and development of intangible cultural heritage in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> [in Kazakh].
- 2 Aravin, P.V., & Erzakovich, B.G. (1957). Qazaqstannyn muzyka madenieti. Maqalalar men materialdardyn zhiyntygy [Music culture of Kazakhstan. Collection of articles and materials]. Almaty: Qazaq memleket baspasy [in Kazakh].
- 3 Radlov, V.V. (1993). Altyn sandyq [Golden chest]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 4 Ualikhanov, Sh. (2013). Taniri. Tandamaly [God. Selected]. Almaty: Poligrafkombinat [in Kazakh].
- 5 Margulan, A.Kh. (2007). Shygarmalary [Works]. Almaty: Alatau baspasy [in Kazakh].
- 6 Zataevich, A.V. (1925). 1000 pesen kirgizskogo naroda [1000 songs of the Kyrgyz people]. Orenburg: Kirgizskoe gosudarstvennoe izdatelstvo [in Russian].
- 7 Zataevich, A.V. (1931). 500 pesen i kiuev kazakhskogo naroda [500 songs and cues of the Kazakh people]. Alma-Ata: Narkompros Kazakskoi ASSR [in Russian].
- 8 Zhubanov, A. (1963). Zamana bulbuldary [Modern nightingales]. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy [in Kazakh].
- 9 Bekmukhanbet, B.D., Myltykbaeva, M.Sh., Sabyrova, A.S., Pazylova, A.R., Daribaeva, A.A., & Kairulla, K.I. (2019). Qurmagazy atyndagy Qazaq ulttyq konservatoriiasynyn folklorlyk zertkhanasy [Folklore Laboratory of the Kazakh National Conservatory named after Kurmagazy]. Almaty: Qurmagazy atyndagy Qazaqtyn ulttyq konservatoriasy [in Kazakh].
- 10 Bekkozhiba, T. (1979). Qazyna [Treasures]. Almaty: Zhalyn baspasy [in Kazakh].
- 11 Amanov, B.Zh., & Mukhambetova, A.I. (2013). Dasturli qazaq muzykasy zhane XX gasyr [Traditional Kazakh music and the 20th century]. Astana: Master Po [in Kazakh].
- 12 Karakulov, B.I. (1979). Forma i ladovost v kazakhskikh obriadovykh pesniakh [Form and rhythm in Kazakh ritual songs]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriya filologicheskaiia — Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Philological series*, 3, 39–42 [in Russian].
- 13 Seidimbek, A. (2002). Qazaqtyn kui oneri [Kazakh music art]. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- 14 Utegalieva, S. (2011). O muzykalnoi stilistike dombroykh kiuev-shertpe [About the musical style of dombra kyui-shertpe]. *Voprosy muzykalnoi kultury i obrazovaniia: sbornik statei, posviashchennyi 20-letiiu Nezavisimosti Kazakhstana — Questions of musical culture and education: a collection of articles devoted to the 20th anniversary of the Independence of Kazakhstan*, 2. Almaty [in Russian].
- 15 Erzakovich, B.G., & Kospakov, Z.K. (1986). Qazaq muzyka folklorynyn tarikhnamasyny [Historiography of Kazakh music folklore]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 16 Shegebaev, P., & Elemanova, S. (2011). Qazaq muzyka adebieti [Kazakh music literature]. Astana: Qazaq ulttyq oner universiteti [in Kazakh].
- 17 Berdibai, A. (2014). Sistema vstavnykh elementov v kazakhskoi strukture kazakhskikh traditsionnykh pesen [A system of inserted elements in the Kazakh structure of Kazakh traditional songs]. *Poisk — Search*, 2, 17–22 [in Russian].
- 18 Zhuzbai, Zh. (2017). Mundy qyz. Khalyq kompozitory Aqqyz Akhmetqyzynyn kui murasyny [Sad girl. Song heritage of folk composer Akkyz Akhmetovna]. Qaragandy: Bolashaq baspa [in Kazakh].
- 19 Maldybayeva, R.S. (2005). Tvorcheskaiia lichnost kiuiishi v muzykalnoi kulture XX veka [The creative personality of the artist in the musical culture of the XX century]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 20 Muptekeev, B. (2012). Qazirgi qazaq muzykasy. Muzykalyq-etnografiyalyq ekspeditsiia materialdar zhinagy [Modern Kazakh music]. Astana [in Kazakh].
- 21 Sabirova, A. (2014). Traditsionnaia kazakhskaiia pesnia v aspekte drevnemifologicheskikh verovaniy [Traditional Kazakh song in the aspect of ancient mythological beliefs]. *Abai i Shakarim: filosofiia muzyki i pesennyi stil. Voprosy izucheniia kazakhskoi traditsionnoi pesni — Abai and Shakarim: philosophy of music and song style. Questions about studying Kazakh traditional songs*. Almaty [in Russian].
- 22 Baibek, A. (2017). Dombra kak faktor ladoobrazovaniia ustno-professionalnykh pesen Arki (prakticheskii aspekt) [Dombra as a factor of tone formation of oral professional songs of Arka (practical aspect)]. *Materialy Mezhdunarodnoi konferentsii «Problemy sovremennogo muzykoznaniiia i etnoorganologii», posviachshennoi 90-letiiu Bolata Sarybaeva — Materials of the International conference “Problems of modern musicology and ethnoorganology”, dedicated to the 90th anniversary of Bolat Sarybayev*. Astana [in Russian].

- 23 Kaztuganova, A.Zh. (2019). Uly dalanyn kone saryndary: Antologiiia. Ush tomdyq. Muzykalyq folklor. Dasturli an oneri [Ancient Ulans of the Great Plain: Anthology. Three volumes. Musical folklore. Traditional song art]. Almaty: Brant Book [in Kazakh].
- 24 Stamgaziev, R., & Abugazy M. Nazkonyr [Nazkonur]. Almaty [in Kazakh].
- 25 Abugazy, M. (2016). Qazaqtyn dombyra oneri [Kazakh dombra art]. Almaty: NursAt baspasy [in Kazakh].
- 26 Abilkasymov, E. (1993). Qazaqstannyn khalyq emshileri. Anyqtama [Folk healers of Kazakhstan. Reference]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 27 Maulet, A. (2022). Aqmola oblysynyn materialdyq emes madeni murasy: keshendi ekspeditsiialyk zertteuler. I tom = Nematerialnoe kulnurnoe nasledie Akmolinskoi oblasti: kompleksnye ekspeditsionnye issledobaniia. I Tom = Intangible cultural heritage of Akmola region: comprehensive expeditionary research. Vol. I. Astana [in Kazakh, in Russian, in English].
- 28 Abdiraman, O. (1999). Qazaqtyn qara emderi [Kazakh black remedies]. Almaty [in Kazakh].
- 29 Toishanuly, A. (2014). Shetel qazaq folklori [Foreign Kazakh folklore]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 30 Abugazy, M. (2009). Shygystyn shynyraui kuileri [Abyssal states of the East]. Oskemen [in Kazakh].
- 31 Magauin M. (1976). Kui iesi Baizhigit [Owner Baizhigit]. “Zhuldyz” zhurnaly — Journal “Star”, 9 [in Kazakh].